

«Шаруа (фермер) қожалықтарының № _____ есеп кітабы» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 279 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 18 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6584 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 77 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 09.12.2014 № 77 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 2) және 7) тармақшаларына сәйкес,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1 . М ы н а л а р :

1) «Шаруа немесе фермер қожалықтарының № ____ есепке алу кітабы» (коды 1827114, индексі 1-фермер, кезеңділігі бес жылда бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына, осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) «Шаруа немесе фермер қожалықтарының № ____ есепке алу кітабы» (коды 1827114, индексі 1-фермер, кезеңділігі 5 жылда бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулыққа, осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Статистика агенттігі төрағасының 28.11.2013 № 279 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Құқықтық және ұйымдық қамтамасыз ету департаменті Стратегиялық даму департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға *Ә. Смайылов*

" К е л і с і л г е н "


Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
А. Күрішбаев

2010 жыл

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі төрағасының
2010 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 279 бұйрығына

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Статистика агенттігі төрағасының 28.11.2013 № 279 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

	Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики	
1 - фермер нысан Елді мекендердегі шаруа немесе фермер қожалығының әр шаруашылық бойынша есебі	Ф о р м а Похозяйственный учет крестьянских или фермерских хозяйств населенных пунктах	1 - ф е р
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 279 бұйрығына 1-қосымша	Приложение 1 к приказу Председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 30 сентября 2010 года № 279	
Статистикалық нысан коды 1827114	Код статистической формы 1827114	
_____ кенттік, ауылдық әкімшіліктің атауы/наименование поселковой, сельской администрации		
Шаруа немесе фермер қожалықтарының № _____ есеп кітабы		
Книга учета крестьянских или фермерских хозяйств № ____		

2011–2015 жылдарға арналған

на 2011–2015 годы

кенттік, ауылдық әкімшіліктің атауы/наименование сельской, поселковой администрации

Шаруа немесе фермер қожалықтарының № _____ есеп кітабы

Книга учета крестьянских или фермерских хозяйств № _____

2011–2015 жылдарға арналған

на 2011–2015 годы

Кітапқа кенттік, ауылдық әкімшіліктердің аумағында тіркелген барлық шаруа немесе фермер қожалықтары жазылған. В книгу записываются все крестьянские или фермерские хозяйства зарегистрированные на территории поселка сельской администрации

_____	_____	беттен	_____	бетке
_____	_____	беттен	_____	бетке
_____	_____	беттен	_____	бетке
_____	_____	беттен	_____	бетке
_____	_____	беттен	_____	бетке
_____	_____	беттен	_____	бетке
_____	_____	беттен	_____	бетке
_____	_____	беттен	_____	бетке
_____	_____	беттен	_____	бетке
_____	_____	беттен	_____	бетке
_____	_____	беттен	_____	бетке

Шаруа (фермер) қожалығы басшысының тегі, аты, әкесінің аты _____

Фамилия, имя, отчество главы крестьянского (фермерского) хозяйства _____ Е (ер)

Шаруа (фермер) қожалығы басшысының жынысын көрсетіңіз (белгі қойыңыз) _____ М(мужск

Укажите пол главы крестьянского (фермерского) хозяйства (поставьте галочку)

Шаруа (фермер) қожалығының құрылған жылы _____

Год образования крестьянского (фермерского)

Шаруа (фермер) қожалығының атауы _____

Наименование крестьянского (фермерского)

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) _____ № (жер кадастры кітабы бойынша) _____ Ре

налогоплательщика (РНН) _____ (по земельно-када

Бизнес-сәйкестендірме нөмірі (БСН) _____ Жеке сәйкестендіру нөмірі (Ж

Бизнес идентификационный номер (БИН) _____ Индивидуальный идентификацион

Шаруа (фермер) қожалығының негізгі мекенжайы _____

Адрес головного крестьянского (фермерского)

Шаруа (фермер) қожалығы филиалының мекен-жайы _____

Адрес филиала крестьянского (фермерского)

Шаруа (фермер) қожалығы басшысының тұрғылықты жері _____

Постоянное место жительства главы крестьянского (фермерского)

Шаруа (фермер) қожалығы негізгі қызметінің негізгі бағыты _____

Основное направление деятельности крестьянского (фермерского)

Басқа да қызмет түрлері (қандай екенін көрсету) _____

Другие виды деятельности (указать какие)

1. Шаруа немесе фермер қожалығының құрамы туралы мәліметтер / Сведения о составе крестьянского или фермерского хозяйства

	2011	2012	2013	2014	2015
Шаруа немесе фермер қожалығының ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс істейтін мүшелері – барлығы, адам / Занято в					

	одан: // из нее:								
2	ауыл шаруашылығына пайдаланатыны сельскохозяйственные угодья								
3	егістіктік / пашня								
4	көпжылдық еке ағаштар / многолетние насаждения								
5	пішендік / сенокосы								
6	жайылым / пастбища								
7	тыңайған жерлер / залежь								
8	жалға берілген жерлер */сдано в аренду земли*								
9	жалға алынған жерлер */взято в аренду земли *								
10	Құрылыстар мен имараттардың жерлері , оларға қызмет көрсетуге арналған жерлерді қоса/Земли под строениями и сооружениями, включая земли, предназначенные для их обслуживания								
		1 шілдедегі (ағымдағы жылға астыққа арналған егіс алаңы туралы деректер шару мүшелерінен сұрау негізінде жазылады) /(записываются данные о площади посева п года на основании опроса взрослых членов хозяйства) на 1 июля							
		барлық егістік алаңы посевная площадь всего	одан округтың шегінен тыс из нее в не пределов округа	барлық егістік алаңы посевная площадь всего	одан округтың шегінен тыс из нее в не пределов округа	барлық егістік алаңы посевная площадь всего	одан округтың шегінен тыс из нее в не пределов округа	барлық егістік алаңы посевная площадь всего	одан округтың шегінен тыс из нее в не пределов округа
11	Б. Барлық егістік алаңы, га (0,1-ге дейінгі дәлдікпен)/ Посевная площадь всего, га (с точностью до 0,1)								
	соның ішінде: / в том числе:								
12	дәнді дақылдар / зерновые культуры								

	одан: / из них:								
13	бидай / пшеница								
14									
15									
16									
№ р/с		2011	2012	2013	2014				
		1 шілдедегі (ағымдағы жылға астыққа арналған егіс алаңы туралы деректер шаруашылық бірлестігінің мүшелерінен сұрау негізінде жазылады) / (записываются данные о площади посева пшеницы на основании опроса взрослых членов хозяйства) на 1 июля							
		барлық егістік алаңы посевная площадь всего	одан округтың шегінен тыс из нее вне пределов округа	барлық егістік алаңы посевная площадь всего	одан округтың шегінен тыс из нее вне пределов округа	барлық егістік алаңы посевная площадь всего	одан округтың шегінен тыс из нее вне пределов округа	барлық егістік алаңы посевная площадь всего	одан округтың шегінен тыс из нее вне пределов округа
17	майлы дақылдар / семена масличные								
	одан:/из них:								
18	күнбағыс тұқымдары / семена подсолнечника								
19	темекі / табак								
20	қант қызылшасы / сахарная свекла								
21	шитті мақта / хлопок-сырец								
22	сабан және жем / солома и корма								
23	көкөніс / овощи								
	одан: / из них:								
24									
25									
26									
27	картоп / картофель								
28	қауындар және қарбыздар / дыни и арбузы								
29	гүлдер / цветы								
30	басқа да дақылдар (көрсету) (1)								
	2)								
	3)								
	4) (указаны другие культуры)								

	олардан:	/							
	из них:								
82	түлкілер лисыцы	/							
83	қара песцы	түлкі /							
84	қара норки	күзен /							
85	саз нутрии	құндызы /							

5. 1 қаңтарға ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге арналған ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтарының қолда бары туралы мәліметтер

Сведения о наличии сельскохозяйственной техники и оборудования для переработки продукции сельского хозяйства на 1 января

№	Атауы / Наименование	2011	2012	2013	2014	2015
	Ауыл шаруашылығы техникасының түрлері бойынша					
	Сельскохозяйственная техника по видам					
1						
2						
3						
4						
5						
6						
7						
	Қайта өңдеуге арналған жабдықтар / Оборудование для переработки					
8						
9						
10						

6. 1 қаңтарға ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға және малдарды ұстауға арналған құрылыстар, басқа да құрылыстар / Постройки для хранения сельскохозяйственной продукции и содержания скота, другие постройки на 1 января

№ р/с	Атауы / Наименование	өлшем бірлігі / единицы измерения	2011	2012	2013	2014	2015
	Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстар						
	Постройки для хранения сельскохозяйственной продукции						
1		бірлік /единиц сыйымдылығы, т / совместимость, т					
2		бірлік / единиц сыйымдылығы, т / совместимость, т					

3		бірлік / единиц					
		сыйымдылығы, т / вместимость, т					
Ауыл шаруашылығы малдарын ұстауға арналған құрылыс Постройки для содержания сельскохозяйственных животных							
4		бірлік / единиц					
		мал орнының саны / число скотомест					
5		бірлік / единиц					
		мал орнының саны / число скотомест					
6		бірлік /единиц					
		мал орнының саны число скотомест					
Мұнай өнімдерін сақтауға арналған ыдыстың бары Наличие емкостей для хранения нефтепродуктов							
7		бірлік / единиц					
		жалпы сыйымдылығы, текше метр / общая емкость, куб. м.					
8		бірлік / единиц					
		жалпы сыйымдылығы, текше метр / общая емкость, куб.м.					
Өсіруге арналған жылыжайлар Теплицы для выращивания							
9	көкөністер / овощей	шаршы м. / кв.м					
10	гүлдер / цветов	шаршы м. / кв.м					
11	саңырауқұлақтар / грибов	шаршы м. / кв.м					
12		шаршы м. / кв.м					
Ауыл шаруашылығы техникаларын сақтауға арналған жайлар Помещения для хранения сельскохозяйственной техники							
13		бірлік / единиц					
		алаңы, шаршы м. / площадь, кв.м					

14	бірлік / единиц					
	алаңы, шаршы м. / площадь, кв.м					

7. 1 қаңтарға сатып алынатын кооперативтік бірлестіктердің, сатып алынатын орталықтардың нақты бары /
Наличие закупочных кооперативных объединений, закупочных центров на 1 января

№ р/с	Сатып алынатын бірлестіктердің, орталықтардың атауы (дайындаушылар үшін (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) / Наименование закупочных объединений, центров (для заготовителей – фамилия, имя, отчество (при его наличии))	келесі тауарларды сатып алу, тоннамен закуп следующих товаров, в тоннах						
		астық / зерно	майлы / маслинные	жемістер / овощи	жеміс және жидектер / плоды и ягоды	сүт / молоко	ет / мясо	тері (дана) / шкуры (штук)
1								
2								
3								

8. Қосымша мәліметтер / Дополнительные сведения

	2011	2012	2013	2014	2015
1					
2					
3					
4					
5					
6					

Қолдары / Подписи

		2011	2012	2013	2014	2015
1 қаңтарға / на 1 января	Шаруашылық басшысы / Глава хозяйства					
	Жазуды жүргізген адам / Лицо, проводившее запись					
	Шаруашылық басшысы / Глава хозяйства					
	Жазуды жүргізген адам /					

1 шілдеге на 1 июля	/ Лицо, проводившее запись				
------------------------	-------------------------------	--	--	--	--

20 _____ ЖЫЛҒЫ _____
 года _____
 кітапта _____ бет
 в книге _____ страниц _____
 нөмірленді және бауланды
 пронумеровано и прошнуровано
 мөр орны қолы _____
 место печати подпись
 Қазақстан Республикасы
 Статистика агенттігі төрағасының
 2010 жылғы 30 қыркүйектегі
 № 279 бұйрығына 2-қосымша

**«Шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітабы»
 (коды 1827114, индексі 1-фермер, кезеңділігі 5 жылда бір рет)
 жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын
 толтыру жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Статистика агенттігі төрағасының 28.11.2013 № 279 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың «Шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітабы» (коды 1827114, индексі 1-фермер, кезеңділігі 5 жылда бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру тәртібін нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) шаруа немесе фермер қожалығы – ауылшаруашылық өнімін өндіру үшін ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді пайдаланумен, сондай-ақ осы өнімді өңдеумен және өткізумен үздіксіз байланысты жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын адамдардың отбасылық-еңбек бірлестігі;

2) бизнес сәйкестендірме нөмірі (БСН) – қызметін бірлескен кәсіпкерлік нысанында жүзеге асыратын заңды тұлға мен жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылған бірегей нөмір;

3) жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) – қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке тұлға соның ішінде жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылған

4) ауыл шаруашылығы алабы – ауыл шаруашылығы өнімдерін алу үшін пайдаланылатын жер учаскелері. Оның құрамына егістік, тұрақты дақылдар егілетін жерлер, шабындықтар мен жайылымдар кіреді;

5) егістік – ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге пайдаланылатын, жүйелі өңделіп отыратын ауыл шаруашылығының пайдалы жерлері, оған көпжылдық шөптерді егетін, жерлер мен таза сүрі жерлер де кіреді;

6) көп жылдық екпелер – жеміс-жидек, техникалық және дәрі-дәрмек өнімдерінің түсімін алуға, қолдан отырғызылған (орман ауданысыз) немесе шөптік көп жылдық өсімдіктер, жасанды бұта екпелеріне пайдаланылатын ауыл шаруашылығы алабы. Көп жылдық екпелер құрамында бақша, жүзімдік, жидектік, жемісті көшеттіктер, плантациялар бөлініп көрсетіледі;

7) шабындықтар – шөп шабу үшін жүйелі пайдаланылатын жер учаскелері;

8) жайылымдар – мал жаю үшін жүйелі түрде пайдаланылатын (осындай пайдалану негізгі болып табылатын) ауыл шаруашылығы алқаптары, сондай-ақ шабындыққа пайдаланылмайтын және тыңайған жерлерге жатпайтын мал жаюға ж а р а м д ы ж е р у ч а с к е л е р і ;

9) тыңайған жер – бұрын егістік құрамында болған және күзден бастап бір жылдан аса ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге пайдаланылмайтын және сүрі жерлерге әзірленбеген жер учаскесі;

10) егістік жерлер – ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жердің ауданы. Оның құрамына, қысқы солғандарын есептен шығарып тастағандағы өткен жылғы егілген күздіктер, дербес ауданға, соның ішінде солған күздіктердің орнына қайта себілгендерді қоса, ағымдағы жылы егілген жаздық дақылдар және берілген жылы егілген көпжылдық шөптер (бүркемесіз), бұрынғы жылдары егілген көпжылдық шөптердің биыл жиналатын ауданы, яғни көктемге сақталған ш а б ы н д ы қ а у д а н ы к і р е д і .

3. Заңды тұлға құрмай және оның нышандарынсыз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдар шаруа немесе фермер қожалығының субъектілері болып табылады. Шаруа немесе фермер қожалығы мынадай нысандарда құрылуы м ү м к і н :

кәсіпкерлік қызмет жалпы бірлескен меншік базасында құрылған отбасылық кәсіпкерлік нысанында жүзеге асырылатын шаруа қожалығы. Жер учаскесін жалдау немесе тұрақты пайдалану құқығын беретін мемлекеттік актіні алу н е г і з і н д е қ ұ р ы л а д ы ;

жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру негізінде құрылған фермер қожалығы. Ауыл шаруашылығы қызметіне патент алу негізінде құрылады; бірлескен шаруашылық қызметі туралы шарт негізінде жай серіктестік нысанында ұйымдастырылған фермер қожалығы.

4. Статистикалық нысан қатаң түрде осы нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі. Бұл құжаттарда тазартуға және мәтіндік жазбада көрсетілмеген түзетулерге жол берілмейді. Кез-келген түзетулер мен сызып тастау кенттік, ауылдық әкімшіліктің әкімімен немесе маманымен келісілуі және қолымен расталуы тиіс.

Статистикалық нысанды толтыруды жүргізу қарамағындағы елді мекендері бойынша кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері жүргізеді. Шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітаптары кенттік, ауылдық әкімшілікте ақшалай құжаттармен және бағалы қағаздармен тең дәрежеде сақталуы қажет.

Олардың сақталуына және жазбалардың уақытылы және дұрыс жазылуына жауаптылық кенттің, ауылдық округ әкімдеріне жүктеледі.

Кенттік, ауылдық әкімшіліктер бес жылда бір рет 1 қаңтардағы жағдай бойынша шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітаптарының бетін белгілеуді жүргізеді. Шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітабы 1-15 қаңтар аралығында кенттік, ауылдық әкімшілікте шаруа немесе қожалықтарының басшылары болған кезде толтырылады.

Келесі төрт жылда жылына екі рет кенттік, ауылдық әкімшіліктер жаппай салыстырып тексереді және шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітабындағы бұрын жазылған жазуларды нақтылайды. Жазбаларды тексеру және нақтылау 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 1-15 қаңтарда, 1 шілдедегі жағдай бойынша – 1-15 шілдеде жүргізіледі. 1 2 Жекелеген шаруа немесе фермер қожалықтарының қамтылмай қалуын болдырмау үшін, кенттік, ауылдық әкімшіліктің бас маманы толтырудан немесе шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітабындағы жазуларды жаппай тексеру мен нақтылаудан бұрын кенттік, ауылдық әкімшіліктің аумағында орналасқан барлық шаруа немесе фермер қожалықтарының тізімін нақтылайды.

Ірі елді мекендерде кенттік, ауылдық әкімшіліктің бас маманы барлық шаруа қожалықтарын 15 күнтізбелік күннің ішінде жеке аралап, осы мерзімде шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітаптардың бетіне белгі қоюды немесе ондағы жазбаларды анықтауды жүзеге асыра алмаса, онда оған көмекке кенттік, ауылдық әкімшілік кенттік, ауылдық әкімшіліктің басқа мамандарын қосымша тартады. Тартылған адамдардың барлық жұмысына кенттік, ауылдық әкімшіліктің әкімі басшылық етеді:

ол шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітабын оны толтыру немесе ондағы жазуларды тексеру мен анықтау үшін береді;

жеке толтырылған (тексерілген) кітаптарды қабылдайды, сонымен бірге жазулардың дұрыс толтырылуын, енгізілген анықтаулардың айқындылығы мен дәлдігін, шаруа қожалықтары басшыларының қолы қойылған ба, бақылайды.

Шаруа немесе фермер қожалықтарының жаңа кітаптарына белгі соғу кезінде немесе кітаптарына бұрыннан енгізілген жазуларды тексеріп және анықтау үшін,

сондай-ақ осы жұмыстардың аяқталуына байланысты мемлекеттік статистиканың аумақтық органдардың мамандары кітаптардың кенттік, ауылдық әкімшіліктердің дұрыс және толық толтыруына тексеру жүргізеді және оларда табылған кемшіліктерді жоюға көмектеседі.

Шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітаптарының деректерін: жұмыс істейтіндердің саны, мал есебі, ауыл шаруашылығы техникаларының нақты бары және басқа да көрсеткіштерді алу үшін – статистикалық органдар п а й д а л а н а д ы .

5. Шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітабының титульдық бетіне әрбір беттердің нөмірлеріне қарама қарсы белгімен елді мекендердің атауы жазылады, оның әрқайсысында осы елді мекендердегі жеке шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша мәліметтер орналастырылған. Кенттік, ауылдық әкімшіліктердің шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітабы оларды толтырғаннан кейін тураланып нөмірленеді.

Шаруа немесе фермер қожалықтарының басшысы басқа көшеге немесе басқа елді мекенге тұрғылықты жайың өзгерткенде, «Шаруа немесе фермер қожалықтары басшыларының тұрақты тұратын жері» жолында бұрынғы мекенжайы сызылып, оған жаңасы жазылады.

Шаруа немесе фермер қожалықтарының басшысы сол шаруашылықтың құрамындағы басқа адаммен ауыстырылған жағдайда (мысалы, өлімге немесе басқа себептерге байланысты), шаруа немесе фермер қожалықтарының бұрынғы басшысының аты-жөнін сызып тастап, дәлелді құжаттарға сүйене отырып ж а ң а с ы н ж а з а д ы .

Егер шаруа немесе фермер қожалықтары бірнешеге қожалыққа тарап кетсе, онда бұрынғы қожалықтың мекенжай бөлігін сызып тастап себептерін жазады: «...-ке бөлінді», жерге ие болу туралы жаңадан берілген актінің нөмірі және күні қойылады. Содан кейін жерге ие болу актісі мен басқа да құжаттарға сәйкес, жаңадан құрылған шаруашылықтарды шаруа немесе фермер қожалықтарының е с е п к і т а б ы н а т о л т ы р а д ы .

Егер шаруа немесе фермер қожалықтары таратылса немесе қожалықтың барлық мүшелері осы әкімшіліктің шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетіп қалса, оның мекенжай бөлігін сызып тастап, таратылған күні мен себептерін қояды (жерге ие болу құқынан бас тарту, банкротқа ұшырау).

«Қосымша мәліметтер» бөлімінде осы шаруашылық бойынша: «№... шаруашылықтан бөлінді» немесе «№... шаруашылықтан шықты» деген белгілер қойылады және бұрынғы шаруашылық ресімделген бөлім құжатының атауы ж ә н е к ү н і к ө р с е т і л е д і .

Негізгі шаруа немесе фермер қожалықтарының мекенжай бөлігі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналып берілген жер үлесінің нақты тұрған

жеріне сәйкес болуы керек. Егер оның филиалы болса, онда ол «шаруа немесе фермер қожалықтары филиалының мекенжайы» жолында көрсетіледі.

Шаруа немесе фермер қожалықтары қызметінің негізгі бағытына жатуы мүмкін: өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы немесе аралас (өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы). Басқа қызмет түрлері болуы мүмкін: ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу, балық аулау, ара шаруашылығы немесе басқалары (қандай екендерін көрсету).

6. «Шаруа немесе фермер қожалықтарының құрамы туралы мәліметтер» бөлімі жылына бір рет толтырылады – 1 қаңтар күні.

1 - жол бойынша ауылшаруашылық өндірісімен шұғылданатын қызметкерлердің орташа жылдық санын көрсетеді. Оларға жататындар: шаруа немесе фермер қожалықтарының барлық жұмыс істейтін мүшелері және шаруа немесе фермер қожалықтарына жалданып жұмыс істейтін азаматтар (еңбек шарты немесе контрактпен қабылданған), сондай-ақ маусымдық жұмысқа т а р т ы л ғ а н д а р .

Қызметкерлердің орташа жылдық санын есептеу үшін есеп айырысу жолымен анықталатын қызметкерлердің орташа айлық саны пайдаланады.

1 мысал. 3–20 мамыр аралығында жалдамалы қызметкерлер 18 күнді жұмыспен өтеді. Мамырдағы жалдамалы қызметкерлер санының жиынтығы, 1 күнде жұмыс істейтіндердің санын осы айдағы жұмыспен өтелген күн санына көбейтумен есептелінеді ($5 \times 18 = 90$ адам-күндер). Мамырдағы жалдамалы қызметкерлер санының жиынтығы 90 адам-күнді құрайды, мамырдағы күнтізбелік күннің саны 31, жалдамалы қызметкерлердің тізімдік саны орта есеппен мамырда 3 адамды ($90/31$) құрады, оған шаруа қожалықтарының тұрақты жұмыс істейтін мүшелерінің санын қосамыз, мысалы 4 адам, сонда $3 + 4 = 7$ (а д а м) .

Шаруа қожалығының қай айда тіркелгеніне қарамастан қызметкерлердің орташа жылдық саны қызметкерлердің орташа айлық санын жұмыстың барлық айларына қосу арқылы және алынған соманы 12-ге бөлу жолымен анықталады.

2 мысал. Шаруа немесе фермер қожалығы 1 сәуірде тіркелген. Тұрақты жұмыс істейтін шаруа қожалықтары мүшелерінің саны 4 адам. Мамырда маусымдық жұмысқа 5 адам 18 күнге және қыркүйекте – 3 адам 10 күнге қабылданған болатын. Қызметкерлердің орташа айлық саны сәуірде 4 адамды, мамырда – 7 адамды ($5 \times 18 / 31 + 4$) 13 құрады, маусым, шілде және тамызда 4 адамнан, қыркүйекте – 5 адам $3 \times 10 / 30 + 4$), қазан, қараша және желтоқсан 4 адамнан болды. Қызметкерлердің орташа жылдық саны 3,3 адамды $[(4 + 7 + 4 + 4 + 4 + 5 + 4 + 4 + 4) / 12]$ құрады.

2 - жол бойынша, жұмыс істейтіндердің жалпы санынан жұмыс істейтін әйелдердің орташа жылдық саны жеке көрсетіледі, ұқсас тәсілмен есептеледі.

3 - жол бойынша жалдамалы қызметкерлердің (еңбек шарт немесе келісімшартпен қабылданған), сондай-ақ маусымдық жұмысқа тартылғандардың орташа жылдық саны көрсетіледі. [2 мысалыда мамырда 5 адам 18 күнге және қыркүйекте 3 адам 10 күнге тартылды. Жалдамалы қызметкерлердің орташа жылдық саны $0,3 \quad (5 \times 18 / 31 + 3 \times 10 / 30) / 12$ құрады]

4 - жол бойынша тек қана ауылшаруашылық өнімдерін өңдеумен және басқа да қызмет түрлерімен (ауыл шаруашылығынан басқа) шұғылданатын қызметкерлердің орташа жылдық саны көрсетіледі.

7. 1 - жол бойынша «1 қаңтардағы негізгі қорлардың құны, мың теңге» бөлімнің 1 – жолы бойынша ҚР Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің органдарына шаруа немесе фермер қожалықтарын тіркеу кезінде «Жер учаскелеріне меншік құқығын беретін мемлекеттік актіге» қоса берілетін, «Жер учаскелерінің құнын анықтап есептеу» деректері бойынша жер учаскелерінің бағалау құны көрсетіледі, мың теңгемен.

2 - жол бойынша 5 бөлімде көрсетілген ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының жалпы құнын (жүк және жеңіл автомобильдердің құнынсыз) тозғанын шегеріп, ағымдағы жылғы бағада көрсетіледі, мың теңгемен.

8. «1 қаңтардағы кенттік, ауылдық әкімшілік аумағының шегінде және шегінен тыс жерде жалға алынған шаруа немесе фермер қожалықтарының меншігіндегі жер» бөлімнің А бөлігінде иелік етуге немесе уақытша пайдалануға алынған жалпы жер алаңы (үй шаруашылықтары бойынша есепке алу кітабында ескерілетін үй жанындағы учаскелерден басқа – № 1 нысан), шаруа немесе фермер қожалықтарын тіркеу кезінде алынған жерді пайдалану құқығы актісі негізінде толтырылады және 1 жолға қойылады. Егер осы жер немесе оның бөлігі жалға берілсе, онда ол алаң 8 жолда көрсетіледі. Егер жер алаңының актісі бойынша тіркелгеннен басқа жер қосымша жалға алынса, онда осы алаңды 9 жолда көрсету керек. Жер бойынша барлық көрсеткіштер гектармен т о л т ы р ы л а д ы .

Жер шаруашылық меншігінде болған жағдайда ғана 8, 9 жолдар толтырылады. Егер жер жалға алынған болса (соның ішінде ұзақ мерзімді) 8 және 9 жолдар толтырылмайды.

2 жол бойынша ауыл шаруашылығының пайдаланымындағы жерлерге егістіктер, көпжылдық екпе ағаштар (орман қорғау жолақтарынан басқа), шабындықтар, жайылымдар және тыңайған жерлер жатады. 2, 4, 6, 8 және 10 бағанында ауылдық округтың шегінен тыс, бірақ сол шаруа немесе фермер қожалықтарының иелігіне жататын барлық жерлер көрсетіледі.

Б бөлігінде ағымдағы жылы астыққа арналған егіс алаңы шаруашылық басшысынан (немесе шаруашылықтың ересек мүшелерінен) сұрау арқылы т о л т ы р ы л а д ы .

10 жол бойынша қатараралық бақтардағы егістерге тиісті дақылдардың егіс алаңының қорытындысы және барлық егіс алаңының қорытындысы кіреді. Қатараралық жырттылып өндірілетін дақылдардың егістігі, сондай-ақ егіс алаңына қайталап егілетіндер (аңыздықтар) кірмейді. Егістік алаңына есептелмейтіндер: ауыл шаруашылығы дақылдары егілмеген егістік, бақшалардың егістік алаңы, жидекті дақылдар, жасыл гүлзарлар, сүрлеулер және б а с қ а да а л а ң д а р .

11 - жолдан 12, 13, 14, 15 жолдар бойынша есепті жылы егілген дәнді дақылдардың түрлері бойынша егістіктер белгіленеді. Жүгері егісіне сүрлем мен жасыл азыққа пайдаланатын, сүттенгенге дейінгі балауыз, сүтті-балауыз және балауызданып піскендерді алып тастағанда, толық піскен жүгерінің дәні кіреді. Бұл дақылдар «азықтық дақылдар» бойынша 21 жолда көрсетіледі.

«Картоп» 26 - жолы бойынша себу мерзімі мен оның бағытына қарамастан картоптың барлық алаңы көрсетіледі.

«Көкөністер» 22 - жолы бойынша ашық топырақтағы егістер көрсетіледі. Ашық топырақтағы көкөністерге қырыққабат, қияр, қызанақ, қызылша, асханалық сәбіз, бас пияз, жасыл бұршақ, бұрыш, шомыр, тарна, шалғам, баялды, кәді, асқабақ, жасыл дақылдар (көк жуа, ақ сүттіген, аскөк, ақжелкен, балдыркөк, қымыздық, саумалдық, рауғаш, кинза) және басқа да көкөністер жатады.

16, 17, 18, 19, 20, 27, 29 - жолдары бойынша тиісінше майлы дақылдардың, оның ішінде күнбағысқа, темекіге, қант қызылшасына, мақта, бақша және басқа да дақылдарға арналған алаңдар көрсетіледі. Күнбағыс егісіне ағымдағы жылы өндірілген егістер, сондай-ақ қыстың алдында өндірілген күнбағыстың дәнге са қ т а л ғ а н е г і с т е р і кіреді.

Күнбағыстың сүрлемдік егістері бұл көрсеткішке кірмейді. Қант (фабрикалық) қызылшасы бойынша өнімдері қант және басқа зауыттарда өңделетін қызылша егістері көрсетіледі. Мал азығына арналған қант қызылшасының егістері 19 жол бойынша көрсетіледі. Мақта бойынша мақта егісінің барлық нақты алаңы есептелінеді, оған көлеңкелеу үшін жағалай отырғызылған тұт ағашының жолақтары, жеке тұрған ағаштардың көлеңкелік алаңдары және т.б. кіреді.

«Азықтық дақылдар» 21 - жол бойынша барлық азықтық дақылдардың егістері: азықтық дақылдар, тамыр-жемістілер, бақшалық, дәндік және дәнді-бұршақтық (азықтық темір-жемістілер, мал азығына арналған қант қызылшасы, азықтық бақша (азықтық асқабақ, азықтық қарбыз және азықтық кәділер), азықтық жүгері, азықтық қырыққабат), дақылдық себілген пішендіктер және жайылымдар (көпжылдық және біржылдық) және т.б. көрсетіледі.

28 - жол бойынша гүл егістігіне арналған алаңдар көрсетіледі, «басқа д а қ ы л д а р »

29 - жол бойынша 11-28 жолдарда көрсетілмеген дақылдар көрсетіледі (

зығыр, кәдімгі кенепшөп және рамидан басқа кендір және өзге де тоқыма талшықтар; кәдімгі зығыр және кенепшөп; парфюмерия мен фармацевтикаға арналған өсімдіктер; тірі өсімдіктер өсірілетін алаңдар: жуашық, түбір және тамыр; шегіншектер және шыбықтар; саңырауқұлақ өсіретін жерлер; көкөністердің тұқымдық дақылдарының алаңы).

Көпжылғы ағаштардың алаңдары бойынша деректер жеке көрсетіледі: жүзімдіктер (31 - жол), бау-бақшалар (32, 33, 34 жолдар) және жидектер (35 - ж о л) .

Шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша егіс алаңы туралы деректер жерді үй жанындағы үлеске есептемей қамтиды.

«Су қоймалары су бетінің жалпы алаңы, шаршы м.» 36 - жол В бөлігі бойынша тауарлық балықтарды өсіру бойынша қолда бар жеке меншік және бекітілген су қоймаларының барлық алаңдары шаршы метрмен көрсетіледі.

37 - жол бойынша «Онда ауланған балықтар, кг» аулаған балықтардың саны к и л о г р а м м е н кө р с е т і л е д і .

Мына жағдайда, егер су қоймасының алаңы бірнеше округтардың арасында орналасқан болса (1 округтен көп), онда су қоймасының алаңы аудандық жер комитетінің шешімі бойынша кімге бекітілсе сол толтырады. Ал балық аулау барлық округтер бойынша есептеледі.

9. «Шаруашылықтың жеке меншігі болып табылатын мал (басы)» бөлімде шаруа немесе фермер қожалықтарын аралау, шаруашылық басшысынан жауап алу және малдарды тірі күйінде есептеу, малдардың фермада (қоныста) болған к е з і н д е жү р г і з і л е д і .

Есепті жылғы 31 желтоқсанның түнінде сағат 12-ден кейін сатылған, сойылған немесе өлген малдар, бар малдармен бірге сол шаруашылық бойынша есептелінуі тиіс, ал 31 желтоқсанның келесі жылдың 1 қаңтарына қараған түні сағат 12-ден кейін алынған төл, және басқа да көрсетілген мерзімнен кейін әкелінген мал есепке кірмейді.

Шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша малдардың жалпы санына сол немесе басқа шаруашылықта (және үй шаруашылықтары бойынша есепке алу кітабында ескерілген – № 1 нысан) қызметкерлердің жеке меншігіне жататын м а л б а с ы к і р м е й д і .

Ондай мал бар болған жағдайда шаруа қожалығының басшысы ауылдық округке отарында (табынында) малдары бар азаматтардың тізімін беру керек. Бұл мал шаруашылық жөніндегі кітапқа халықтың малы ретінде жазылады.

Шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітабына ол малдардың жайылымда және өрісте не болмаса жұмыста немесе басқа шаруашылықтың қарауында жүргеніне қарамастан шаруашылықтың иелігіндегі барлық мал к ө р с е т і л е д і .

Егер шаруа немесе фермер қожалығы малды жұртшылық шаруашылығына өсіруге (бордақылауға) беретіндігі анықталған болса, мұндай жағдайда міндетті түрде осы мал төлдерінің үй шаруашылықтары бойынша есепке алу кітабына кірмегенін анықтау қажет.

Осындай фактілерді анықталған жағдайда малдардың есебін жүргізуші есепші бұл туралы аудандық статистика бөлімінің маманын хабардар етуі тиіс, ол ауылдық округтің бас маманымен бірлесіп үй басы тізіміне қажетті түзетулер енгізеді, яғни бұл малды «үй шаруашылық» санатынан алып тастайды. Бұл жағдайда тағы да бір рет сол мал санының шаруа немесе фермер қожалығына енгізілгенін тексеру керек.

Егер шаруашылықта келісім-шарт бойынша бордақылауға қойылған мал болса мұндай малдың саны туралы мәлімет кітапқа жазылмайды.

Егер шаруашылықта сол кенттік, ауылдық әкімшіліктің аумағында тұрмайтын адамның иелігіндегі мал бағуда болса, онда ондай малдың саны туралы мәлімет шаруа немесе фермер қожалығының есеп кітабына, яғни «қосымша мәліметтер» бөліміне жазылады.

Малдың есебін жүргізу кезінде малдар мен құстардың түрлері мен жыныс-жас топтары шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітабына сәйкес белгіленеді.

Шаруа немесе фермер қожалықтарының есеп кітабын қайта толтыру немесе ондағы жазуларды анықтау кезінде өріс, жайылымдарда жүрген малдарды айқындау қажет. Болған жағдайда сол малдың санын «одан басқа» бос жолдарға бөлек жазу керек. Кенттік, ауылдық әкімшіліктің маманы осы жазуларды кенттік, ауылдық әкімшіліктің жайылымдағы малдар жөнінде жасаған тізімімен салыстыру қажет.

Басқа шаруашылықтардан ұзақ ұстауға қабылданған малдардың есепке алынбай немесе өткізіп алмауды болдырмау үшін, есеп барлық жағдайда малдың тұрған жері бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар бұл малдың нақты кімдікі екендігі мұқият тексеріледі.

Осы малдың басқа шаруашылыққа қарайтындығы туралы тексерілген қолда бар деректер болса, ұзақ ұстауға қабылданған малға жазылады, одан бөлек шаруашылықтың айрықша тізіміне қай малдың ұзақ ұстауда жүргендігі, сондай-ақ мал иесінің (шаруа қожалығының басшысы) аты-жөні және нақты мекенжайы қоса жазылады. Бұл тізімді малды тексеріп және енгізу үшін оның иесі тұратын жері бойынша ауылдық округтің маманы пайдаланады. Мына жағдайда, егер мал иесі басқа ауылдық округте тұратын болса, онда осы тізімнің деректері шұғыл түрде мал иесі тұратын сол округ бойынша малды тексеріп және енгізу үшін аудандық статистика бөлімінің маманына жіберіледі.

Мал иесінің тұрған жері бойынша мал есепке алынды деген хабарды алғаннан

болған жағдайда, оны да сол бос жолдарға жазу керек.

11. «1 қаңтардағы ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстар» бөлімде ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстар мен ғимараттардың сыйымдылығы, өндіріс алаңдарын толық пайдалану, механикаландыру құралдарын және агротехникалық және өнімдерді сақтаудың техникалық нормасына сәйкес жасанды ортаны жасау есебімен анықталады және төменде келтірілген сақтау орындары, қоймалар немесе ғимараттардың пайдалы алаңдарын орташа салмағы 1 текше м. өнімдерге көбейту жолымен есептелінеді:

Дән күйіндегі бидай	760	кг
Дән күйіндегі қара бидай	690	кг
Дән күйіндегі арпа	625	кг
Дән күйіндегі сұлы	450	кг
Картоп	650	кг
Қызылша	600	кг
Пияз	400	кг
Сәбіз	550	кг
Қырыққабат	360-404	кг
Жемістер	350	кг

Сақтау орындары, қойма немесе ғимараттардың толық көлемі, биік (қалың) өнім қабаттарын сақтауға арналған пайдалы алаңдардың мөлшеріне көбейту жолымен есептелінеді. Сақтау орындарының сыйымдылығы (бірмезгілде сақтау) тоннамен есептелінеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстардың саны «бірлік» 1 жолға қойылады. 1 жол бойынша «сыйымдылық, т» бір мезгілде тоннамен сақтайтын барлық сақтау орындары, қоймалар және имараттардың жиынтық сыйымдылығын көрсетеді.

Бос жолдарда сақтау орындарының түрлері көрсетіледі: астыққа, картопқа арналған, ортақ сақтау орындары және басқа да түрлерге арналған.

Көмбелерде сақталатын картоптар мен көкөністер есепке кірмейді.

«Ауыл шаруашылығы малдарын ұстауға арналған құрылыс» бөлім 4 жолы бойынша ауыл шаруашылығы малдарын ұстауға арналып салынған қора-қопсылардың саны көрсетіледі - «барлығы», ал «мал орындарының саны» 4 жолы бойынша ауыл шаруашылығы малдарын (мал басы) ұстауға арнап салынған барлық қора-қопсылардың жалпы сыйымдылығы көрсетіледі. Осы есеп үшін түрлері бойынша негізгі мақсатқа арналған малдарды ұстау үшін мөлшері шамадағы алаңдар пайдаланылады.

Малдардың түрі 1 басқа арналған алаң мөлшері (шаршы метр)

Ірі қара мал және жылқылар	4 – 5
Бұзаулар мен құлындарға арналған	1,5 – 3
Қойлар мен ешкілер	0,5 – 2
Шошқалар	1 – 7

«Мұнай өнімдерін сақтауға арналған сыйымдылықтардың қолда бары» жолы бойынша мұнай өнімдерін сақтауға арналған тұрақты және жылжымалы металл резервуарлардың қолда бары, бірлікпен және олардың тиісті сыйымдылығы – текше метрмен.

«Өсіруге арналған жылыжайлар» жолдар бойынша көкөністер, гүлдер, саңырауқұлақтар және басқа өсіруге арналған алаңдар бойынша деректер жазылады. Алаң шаршы метрмен көрсетіледі.

«Ауыл шаруашылығы техникаларын сақтауға арналған жайлар» жолы бойынша ауыл шаруашылығы техникаларын сақтауға арналған жайлардың саны көрсетіледі: күрделі, бейімделген және аспалы, бірлікпен және оларға тиісті алаң шаршы метрмен.

«1 қаңтардағы сатып алынатын кооперативтік бірлестіктердің, сатып алынатын орталықтардың нақты бары» бөлімінде тауарлар бойынша деректер заттай тұлғалауда толтырылады.

«Қосымша мәліметтер» бөлімінде жалға берілген (немесе алынған) жер туралы деректер, кімге оның берілгені (немесе кімнен алынғаны) көрсетіліп, сондай-ақ басқа да қосымша мәліметтер жазылады.

12. Арифметикалық-логикалық бақылау: 2 жол = 8 жолды алып тастағанда 3-9 жолдар қосындысы.